

Ветеринария –
саулық пен
салауат негізі
2-бет



Бюджет әлеуметтік
салаға бағытталады
3-бет



Қарағанды – қара
өлеңнің қағбасы
4-5-бет



1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 20 СӘУІР, 2023 ЖЫЛІ №44 (23 220)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДА

Сенімді серпілткен сегіз бағыт

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өтті. Жиынға Премьер-Министр, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары, Президентке есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, Үкімет мүшелері, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстар мен аудандардың әкімдері, парламенттік фракциялардың жетекшілері, сондай-ақ Парламент палаталары, облыстық және аудандық мәслихаттар төрағалары қатысты.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Сөзден іске көшетін мезгіл жетті»
«Елдегі қоғамдық-экономикалық қатынастарды қайта құруымыз керек» деген Мемлекет басшысы нақты іс-шараларға баса мән беру керектігіне тоқталды.

– Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл – ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік. Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгінгі мен болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан күнделікті мәселелерді шұғыл шешумен ғана шектелмеу керек. Реформаларымыздың түпкі мақсаты – халықтың өмірін жақсарту. Ол үшін тұрғындардың табысын көбейту керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы мақсатта Қасым-Жомарт Кемелұлы нақты нарықтық экономикаға көшу керектігін айтады.

– Біз өте қиын уақытта өмір сүріп жатырмыз. Дәстүрлі экономикалық және логистикалық байланыстардың үзілуі рекордтық инфляциямен, әлемдік экономиканың баяулауымен, мемлекеттердің қарыз ауыртпалығының өсуімен қатар жүреді. Сауда кедергілері көбейіп, мемлекеттер арасында өзара сенімсіздік артып келеді. Мұның бәрі – жаңа қалыпты жағдай, керісінше – аномалия, әлемдік экономика. Табиғи аннуитет енді елдің әл-ауқатының тұрақты көзі болып табылмайды, – дейді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ол үшін еліміз мұнай және газ өндіруші ел ретінде жаңа геоэкономикалық жағдайға бейімделуі керек. Бірақ, істен сөз көп екенін айтады Мемлекет басшысы. Дерекке іске көшу керек. Олай болмаған жағдайда әлем экономикасында көш соңында қалуымыз мүмкін.

Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекеттің қолдауына ие болып отырған ірі бизнес өкілдеріне ерекше тоқталды.

– «Табысты осы жерден тауып, шетелде шашу» әдетінен арылу керек. Есесіне елдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге көбірек үлес қосуға ұмтылған жөн. Ірі кәсіпкерлер



Қазақстанда тапқан табысын басқа жақта емес, өз еліміздегі бизнесін дамытуға жұмсағаны абзал. Жұмысын осы талапқа бейімдей алған ірі кәсіпкерлер нағыз ұлттық бизнес-элиталарға айналады. Халықтың құрметіне бөленіп, мемлекеттің қорғауы мен қолдауына ие болады, – деген ол «кәсіпкерлердің жаңа толқыны» керектігін де айтты. Бұл өз кезегінде өз күшіне сенген, мемлекетке алақан жаймайтын мықты кәсіп иелерін қалыптастырмақ.

Кеңес отырысында Қасым-Жомарт Кемелұлы азық-түлік бағасына ерекше тоқталды. «Жұрттың ай сайын жұмсай-

тын қаржысының тең жартысынан көбі азық-түлік алуға кетеді. Үкіметтің әрекеті жеткіліксіз болып отыр» деген ол ауыл шаруашылығы және өндіріс саласының дамуында нақты нәтиже жоқтығы азық-түлік инфляциясының басты себебі екенін атады. Оның артында импортқа тәуелділік те бар. Тіпті, сыбайлас жемқорлық схемалары да үнемі анықталуда.

Агроонеркәсіп кешенін айтқанда Президент субсидия жайын да айта кетті.

– Субсидия алған кейбір пысықайлар өндірісті өркендетудің орнына бюджет қаржысын қалтасына басып, шалқып өмір

сүрген. Ал, қарапайым шаруалар үшін субсидия алу – қияметтің қиыны, – дейді ол.

«Халықтың табысы құнсызданып жатыр»

Бұл да – Президенттің кеңесте айтқан сөзі. Ал, табысы құнсызданған халық несие алуға мәжбүр. Мұндай жағдай болашақта банктердің өзіне де қауіпті болмақ. Ал, өз кезегінде отандық банктер бизнес пен инвестиция үшін қолайлы жағдай жасауы тиіс.

Кеңесте айтылған үшінші мәселе – макроэкономикалық саясат. Соңғы бес жылда, тіпті, бюджетке 30 триллион теңге кем түскен. Сәйкесінше, салық саясаты ын-таландырушы және икемді болуы керек екеніне де тоқталды.

– Қазір жаңа Бюджет Кодексі дайындалып жатыр. Осы ретте бюджет ережелеріне және оны мүлтіксіз сақтау қажеттігіне назар аударғым келеді. Мұндағы ең басты қағида – көрпеге қарай көсілу. Ұлттық қорға жармаса беруі доғару қажет, – деген Президент бұл ақша болашақ ұрпақтың қаржысы екенін қадап айтты.

Экономиканы монополиядан арылту кеңесте қаралған төртінші мәселе. Бүгінде нақты жұмыстар жасалып, нәтижесін де бере бастаған. Елімізде құрылған мекеме-аралық комиссиялар заңсыз шығарылған активтерді қайтару, әділеттілікті қалпына келтіру, адал бәсекелестікке жағдай жасаулары керек. Бұл – жаңа экономикалық саясаттың басты қағидаттары болмақ.

– Қайтарылған активтер мен мүліктер қолды болып кетпеуі керек. Барлық қаражат толығымен экономиканы дамытуға жұмсалуды қажет. Тағы да қайталап айтамын. Біз адал әрі ашық жұмыс істейтін бизнес өкілдеріне барлық жағдайды жасаймыз, – деді Президент.

Президент бесінші мәселеде бірінші кезекте коммуналдық инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты түбегейлі қайта құру қажеттігін айтты. Мәселен, жылу-электр орталықтарының жартысынан көбі – қауіпті аймақта. Кейбір қалаларда тозу деңгейі 80% болса, елдегі жылу желілерінің орташа тозуы – шамамен 54%. Президент егер тарифтерді біртіндеп көтермесе, барлық қалалар мен ауылдар инфрақұрылымсыз қалатынын айтты. Бірақ, тарифті көтеру бірте-бірте жүзеге асырылуы тиіс. Ал, қымбаттаудан түскен қосымша қаржы коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға жұмсалады. Бұл мәселе жанар-жағармай бағасының қымбаттауына да байланысты.

• ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Ақтоғай ауданы тұрғындарының назарына!

Қарағанды облысының әкімі
ЕРМАҒАНБЕТ БӨЛЕКПАЕВ
Ақтоғай ауданының
тұрғындарымен кездеседі

(8-71037) 2-10-66
жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін)
be.makarim@karaganda-region.gov.kz

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Ақтоғай ауданына барады. Жұмыс сапары кезінде өңір басшысы тұрғындармен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді.

Халықпен кездесу 21 сәуірде сағат 11:00-де Ақтоғай ауылының мәдениет үйінде өтеді. Содан кейін тұрғындарды жеке қабылдайды.

Халықтан сұрақтар мен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды. Өтініштеріңізді жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін) 2-10-66 телефоны бойынша немесе электрондық мекенжай бойынша қалдыруға болады: be.makarim@karaganda-region.gov.kz.

► 2-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың
II жартыжылдығына арналған
«Ortalyq Qazaqstan»
облыстық газетіне жазылу науқаны
жалғасуда. Газетке жазылуды
«Қазпошта» АҚ пошта
байланысының барлық
бөлімшелерінде, сондай-ақ,
редакцияда ресімдеуге болады

Санаты	Мерзімі	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 тг	5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 тг	3111,00 тг

📍 Қарағанды қ., Ермеков к., 33
8 қабат, 88 каб.

📞 Анықтама телефондары:
Руслан – 8-775-482-22-02
Ботагөз – 8-778-846-00-01
Нұрсұлу – 8-705-902-04-05
Тел.: 43-57-89
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

• ФЕСТИВАЛЬ

«Қарағанды көктемі» шақырады!

«Қарағанды – қара өлеңнің қағбасы» деген сөз бар ел арасында. Арқадан түлеп ұшып, қазақ поэзиясының қыранына айналып жатқан тегеурінді таланттар мен кеншілер шаһарын думанға бөлеп жатқан дүбірлі шаралар бұл сөзге дәлел бола алады. Ал, 22-23 сәуір күндері Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен, қала әкімінің орынбасары Ләззат Төкеннің жетекшілігімен өткелі отырған халықаралық «Қарағанды көктемі» атты поэзия фестивалінің жөні бөлек. Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының директоры, ақын Жанат Жаңқашұлы мен ақын Асхат Қажығайдың идеясын Алаштың аймаңдай ақыны Серік Ақсұңқарұлы бастаған әдеби орта қоғадай жапырыла қолдап, осы ауқымды шараны алаулатып өткізгелі отыр.

21 сәуірде төңертең фестивалдің ашылу салтанаты мен аймақтардағы әдеби ахуал хақында келелі мәселелер ортаға тасталатын дөңгелек үстел Достық үйінде өтеді. Түстен кейін Қарлұг саяси-әл-ауқатында лагерінің мұражайына экскурсия жасалып, мұнда жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым етілмек.

Ал, кешке Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Студенттер сарайында дүркіреп поэзия кеші өтіп, қазақ һәм түрік жұрты-

ның белгілі ақындары арқырап өлең оқып, дүлдүл әншілер әуелете ән шыққайды.

Фестивальдің құрметті қонақтары қатарында Ekber Qoşali (Azirbaizhan), Yilmaz Okuklu (Türkiye), Selim Yuhay (Türkiye), Хосият Рустамова (Өзбекстан), Ұлықбек Есдәулет, Ғалым Жайлыбай, Светали Нұржан, Шанизада Әбдікәрімов, Сұраған Рахметұлы, Ғазиз Ештанасев, Серік Елікбай, Бауыржан Бабажанұлы, Маралтай Райымбекұлы, Дәулеткерей Кәпұлы, Бағдат Мүбәрак, Танакөз Толқынқызы, Қалқаман Сарин, Сағыныш Намазшамова, Ербол Алшынбай, Айжан Тәбәрік, Мирас Асан сынды ауыздығымен алысқан алапат ақындар бар.

Ал, 22 сәуірде Қарағандыдағы «Қасым үйіне» экскурсия жасалып, жас ақындарды екі секцияға бөліп, дәріс оқылады және арасынан өлеңдерінің бәсі биік деген екі ақын таңдалады. ҚарУ-дың ректоры, меценат Нұрлан Дулатбековтің қолдауымен таңдалған екі ақынның кітабы жарыққа шығады.

Осы айтулы шара қарсаңында Қарағандыға ат шалдырғалы отырған ақындардан қонақ кәде ұсынғалы отырмыз. Мархабат!

Редакциядан



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 494.88

•USD/KZT 451.00

•RUB/KZT 5.53

•CNY/KZT 65.58

Қазақстан Ұлттық Банкінің 19 сәуір, 2023 жылғы дерегі бойынша

- ФЕСТИВАЛЬ

SARYARKA ART FEST – Қарағандыда

Қарағандыдағы Достық үйінде SARYARKA ART FEST халықаралық сән фестивалінің көрсетілімі өтті. Шаһарға этно-стильдегі сән үлгілерін көрсету үшін еліміздің қалда облыстары мен көрші мемлекеттер дизайнерлері арнайы келді. Еліміздің әр аймағында бірнеше күнге созылатын бұл жобаны ұйымдастыруға «World Nomads Fashion Festival» Дүниежүзілік көшпенділер сән фестивалі қолдау көрсеткен.

 **Жәлел ШАЛҚАР,**
«Ortalyq Qazaqstan»

SARYARKA ART FEST – дизайнерлердің, хенд-мейд мамандарының және Қазақстандағы шеберлердің жаңа толқынын таныстыруға арналған жоба. Ол тек сәнді ғана емес, туризмді, мәдениетті, білім беруді дамытуға және қатысушыларға Орта Азияның басқа аймақтарында өзін көрсетуі мүмкіндік беруге бағытталған. Көрсетілім барысында қонақтар отандық және шетелдік fashion-дизайнерлердің жаңа идеяларымен танысты.

Өзбекстан мен Кыргызстаннан келген негізгі конактар арасында музыкант, космолог, актер, жүргізуші және модельдер бар. Жобаны жыл сайын байтак өлкөмөздүн түрлү өңүрлөдө ұйымдастыру жоспарланып отыр. Негізін калаушы – киім дизайнері Меруерт Мухамедьярова.



Мұнда 10-ға жуық қатысушы дизайнерлер бас қосты. Бұған дейін «Шығармашыл жастар арасында жаңа мүмкіндіктер» форумы «Аманат» партиясының ғимара-

тында өткен еді.

Кездесуді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова мен Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова құттықтау сөзімен ашты. Ал, әрі қарай дизайнерлер

қалаушы Назира Бегім (Қырғыз-
стан), «Adras Republic» брендінің
негізін қалаушы Софья Юсупова
(Өзбекстан) және Меруерт Мұха-
медьярованың өзі жалғастырды.

Сән көрсетілімі екі блоктан тұрды. Іс-шара қарағандылық су-

Көрермендер Қайролла Әбішев, Жәмила Стамбокова (Қырғызстан) және Мадина Даниярова (Астана), Салия Бейсенова (Қарағанды) және София Юсупова (Өзбекстан), Ақбота Жолдасбек (Астана), Лаура Бектембаева (Өскемен), Мархабат Зейнуллина (Астана), Меруерт Мұхамедьярова және кішкентай дизайнер Инжу Мұратбекованың коллекцияларын қызығы тамашалады. Қатысушылардың әрқайсысы шамамен 10 киім үлгісін ұсынып, ақтым сында Алғыс хат пен сертификатқа ие болды.

Жұрт назарына ұсынылған әркім үлгісі өзінше ерекше. Оларды салтанатты жиындар мен күнделікті өмірде де кыюго болады. Этникалық компонент образдармен әсем және орынды үйлескен. «Art Line» Қарағанды агенттігінің өкілі Мадина Ахметбаеваның үлгілері де елдің ыстық ықыласына ие болды.

– Киім топтамалары арнайы ережесі бар сән апталары үшін жасалған. Негізінен топтама белгілі бір тақырыпқа арналған. Сондықтан, бізде этникалық стильде, кездейсоқ стильде, еуропалық стильде коллекциялар бар. Біздің «Индиго» топтамамыз джинсы, табиғи драп және матадан этникалық стильде жасалған және

Қазақстанның дарынды тұлғаларына арналған. Біз өз топтамыз арқылы әлемде және елімізде өмірдің барлық салаларында талантты адамдар өте көп екенін тағы да айтқымыз келді, – деп түсіндірді Артур Евгеньевич.

SARYARKA ART FEST-те ұсынылған топтамалар ою-өрнектермен және эшекейлермен әрленіп, бояулармен боялған. Мысалы, «Zeken Moda» топтамасына суретті Қайролла Әбішевтің қызы Армангүл Зекен салған.

– Негізінен барлық топтама-
ның күнделікті киюге болатын-
дай етіп жасалған. Бізде спорттың
сыртқы киім топтамалары бар.
Әрине, SARYARKA ART FEST
сынығы фестивальдарда біз де өз
өнімімізді көрсете аламыз. Менің-
ше, отандық дизайнерлерді, әсіре-
се, мемлекет тарапынан қолдау
өте маңызды. Балалар, жастар,
үлкендер де әдемі киінгісі, сәнді
болып көрінгісі және киім арқылы
өз ойын білдіргісі келеді. Осындай
жиындардан кейін бізден көптеген
көрермен ақыл-кеңес сұрайды, –
деді Артур Ким.

Айтпақшы, «Zeken Moda» сән үйінде егде жастағы модельдер де бар. Олардың бірі Райхан Стененова бір кездері Қайролла Әбішевке бас киім алу үшін жүгінген. Соңында өзі бренд амбассадоры болып 5 жылдан бері еңбек етіп келеді. Райхан ханым сонымен қатар, «Zeken Moda» коллекцияларын көрсететін шоуларға бірнеше рет қатысқан.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Өрт сөндірушілерде — жаңа техника

Жыл сайын аудандағы азаматтық қорғау қызметтерінің материалдық-техникалық базасы жаңартылып келеді. Мәселен, таяуда Қарқаралы ауданы төтенше жағдайлар бөліміне жаңа техника берілді. Бұл мамандарға өздеріне жүктелген міндеттерді тиімді әрі сапалы орындауға мүмкіндік бермек.

 Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала басындағы өрт сөндіру бөлімі арнайы өрт сөндіру көлігі мен тіркемелі өрт сөндіру модулімен

және орман өртіне жауапты. Сондай-ақ, шалғайдағы ауылдар да назардан тыс қалмайды. Өрт қауіпсіздігін сақтау және алдын алу мақсатында ауылдық округтердің барлығына дерлік өрт сөндіру

на байланысты дала өрті жиі болды. Осындай төтенше жағдайлардың алдын алуда өрт сөндіру бөлімдерін жылма жыл заманауи жаңа техникамен қамтамасыз етіп отыру маңызды, – дейді аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы Нұршат Қайыр.

Қарқаралы ауданының аумағында мемлекеттік ұлттық табиғи паркі орналасқан. Әрі елді мекендер арасының алшақтығы өрт оқиғаларының алдын алуда қиындық ту-



толықты. Тура осындай арнайы техникалар Егіндібұлақ селосының өртсөндіру бөліміне де берілді.

– Аудандық өрт сөндіру бөлімі
аудан аумағында орын алатын дала

модульдары берілуде. Мәселен, жакында Абай ауылдық округіне тура осындай тіркемелі цистерна-сы бар өрт сөндіру модулі берілмек. Жалпы, былтырғы құрғақ ауа райы-

дыратыны сөзсіз. Дегенмен, төтенше жағдайда аудандық өрт сөндіру бөлімі лайықты қызмет көрсетуде. Оған ауылдарға берілген өрт сөндіру модульдері сеп болатыны анық.

- ҚЫЛМЫС

Көршісінің пәтерін тонаған күдікті ұсталды

Теміртауда ескі қаладағы полиция бөліміне 47 жастағы әйел жүгінген. Сөзінше, ол кешкілік жұмыстан кейін үйіне келгенде пәтерде белгісіз адамның іздері жатқанын байқаған. Қылмыскер пәтер ішіндегі ақша сақтаулы қобдишаны, smart-сағат пен құлаққапты қолды еткен. Залал сомасы – 180 мың теңге.

 **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Тексеру шаралары барысында полиция кызметкерлери пәтердин ұрлықтан кейінгі тап-тұйнақтай қалпын көріп таңданыс білдірді. Демек, көршісі жәбірленушінін үйінде қандай құнды заттардың қай жерде тұрғанын қапысыз білген. Ұрлыққа әлгі әйел азаматша-

ның таныс адамы түскендігі саралана бастады. Болжам бұлжымай расталды.

Жедел-издестіру іс-шаралары барысында криминалдық полиция қызметкерлері жәбірленушімен бір подъезде тұратын 48 жастағы ер адамды ұстады. Ол көршісінің пәтеріне бірнеше рет келіп-кетіп жүріп, онда қымбат заттардың бар екенін біліп жүрген. Ұрланған зат-

«Turan Resources Ltd.» ЖК Қарағанды облысында орналасқан Ақтас I және Ақтас II кен орындарының Тай-кен жұмыстарының жоғары деңгейдегі басқарушылары туралы есеп бойынша ашық жиналыс насанды қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 06.06.2023 жылы сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Балқаш к., Саяк ауылы, Бульвар Горняков көшесі 48 (Горняктар МУ) мекенжайы бойынша өтеді.

Жобаның тапсырыс берушісі – «Turan Resources Ltd.» ЖК, БСН 221040900513, тел. 8 7172 24 72 80. Мекенжайы: ҚР, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы 55/21, 164 кесіе, e-mail: turanresourcecld@mail.ru.

Есеп тудырауға – Қарағанды облысы, Саяк ауылы. Жоба материалдарымен біріншілік экологиялық порталдың (БЭК) сайтында және «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Қосымша ақпаратты Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 55/21, 164 кесіе, e-mail turanresourcecld@mail.ru, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02 мекенжайы бойынша алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық мекенжай бойынша қабылданады – expertiza.upr_krg@mail.ru, Тапсырыс беруші – turanresourcecld@mail.ru

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және технологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/82892594675?pwd=dVB4czUzUFluVHhVSTZlUzU3Um5hVzU0TU09>

Конференция идентификаторы: 828 9259 4675

Кіру коды: 144074

Обьявление

ЧК «Turan Resources Ltd.» проводит общественные слушания в форме открытых собрания по Отчету о возможных воздействиях К Плану горных работ месторождений Ақтас I и Ақтас II, расположенных в Карагандинской области. Слушания состоятся 06.06.2023 года в 11:00 по адресу Карагандинская область, Балхаш г.а., п. Саяк, улица Бульвар Горняков 48 (ДК Горняков).

Заказчик проекта – ЧК «Turan Resources Ltd.», БИН 221040900513, тел. 8 7172 24 72 80. Адрес: РК, г. Астана, проспект Мангилик Ел 55/21, офис 164 e-mail: turanresourcecld@mail.ru.

Разработчик проекта – ТОО «Minerals Operating», БИН 181140023496, г. Астана, ул. Мангилик ел, 55/21, офис 164, т. 8 777 491 40 02, 8(7172) 24 72 80

Территория воздействия – Карагандинская область, п. Саяк. С материалами проекта можно ознакомиться на сайте единого экологического портала (ЕЭП) и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» в разделе «Общественные слушания». Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, проспект Мангилик Ел 55/21, офис 164 e-mail: turanresourcecld@mail.ru, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу – expertiza.upr_krg@mail.ru, заказчика – turanresourcecld@mail.ru

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/82892594675?pwd=dVB4czUzUFluVHhVSTZlUzU3Um5hVzU0TU09>

Идентификатор конференции: 828 9259 4675

Код доступа: 144074

№113



Электрондық пошта: ortalyk.kaz@ mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сөнім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Академик Е.Бекетов атындағы Қарағанды университетінің экономикалық факультеті тулектерді бакалаврият пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика), «НҚ-экономика және еңбек қауіпсіздігі», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), Грантка түсу үшін – ҚарҰ коды – 031; Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz №214

Қарағанды облысы: ауа райы						
		20 сәуір		21 сәуір		22 сәуір
Қарағанды қаласы		+6	-2	+11	-1	+13 +3
Абай ауданы		+6	-6	+9	-3	+12 -3
Ақтоғай ауданы		+4	+3	+10	0	+11 +3
Бұқар жырау ауданы		+2	-9	+8	-3	+10 0
Қарқаралы ауданы		+2	-7	+2	-4	+2 -7
Нұра ауданы		+3	-7	+11	-3	+12 +1
Осакаров ауданы		+2	-2	+9	-3	+12 -3
Шет ауданы		+5	-3	+5	-3	+9 -3